

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**Ж. А. Құсайынова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**«ӨКІНУ» МОДАЛЬДІ РЕҢКІНІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ**

*Синтаксистегі құрылымдық бағыттың бүгінгі жетістіктері модальділік категориясының барлық ерекшелігін қамти алмай отыр. Модальділік тақырыбы зерттелген еңбектерде іс-әрекеттің ақиқат шындыққа қатысы, реалды, ирреалды іс-әрекет жан-жақты талданып, объективтік модальділік мәселесі ғана талданады. Ал сөйлеу тілінде жанданатын субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілері әлі де саралауды қажет етеді. Осыған орай, мақалада субъективтік модальділіктің мүмкіндіктерін айқындап, тілдік инсанның психолингвистикалық сипаттарына назар аударып, субъектаралық қарым-қатынаста, сөйлеу әрекетінде жанданатын, тұтас мәтін деңгейіндегі семантикалық байланыс негізінде жүйеленетін күрделі құрылымын толыққанды зерделеу үшін, функционалды бағытта талданған зерттеу нәтижелері ұсынылды. Субъективтік модальділіктің тілде көрініс беріп, белсену сатысын жүйелеу, бұл санат белгілерінің сөйлеу тілінде қозғалысқа түсуін, тілдік амалдардың көп функциялы қызметін негізге ала отырып, модальділік санатының күрделі грамматикалық құрылымын ажыратуда мәтін деңгейіндегі салыстырулардың қажеттілігін анықтау өзекті мәселелердің қатарына жатады. Мақалада «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары талданған. Лингвистикалық саралау нәтижесінде, «өкіну» модальді мәнінің мәтін аясындағы жасалу жолдары үш аспектіде, яғни құрылымдық-грамматикалық, контекстегі семантикалық ұйысым және когнитивтік аспекті негізінде қалыптасатындығы дәлелденген.*

*Кілтті сөздер: модальділік, модальді мән, мәтін, семантикалық ұйысым, құрылымдық-грамматикалық, когнитивтік аспекті.*

**Кіріспе**

Субъективтік модальділіктің ішкі мәндерін кейде бір сөйлем аясында айқындасақ, көп жағдайда бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен, кейде көркем

шығармада тарауаралық байланыстағы сөйлемдердің семантикалық байланысынан ғана анықтай аламыз. Сондықтан бұл санаттың жекелеген семантикалық мәндері мұқият талдауды, жасалу жолдарын үнемі толықтырып отыруды қажет етеді.

**Зерттеудің нысаны:** субъективтік модальділіктің бір тармағы «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары.

**Зерттеудің пәні:** қазіргі тіл біліміндегі мәтін теориясы мәселелері.

**Мақсаты:** «өкіну» модальді реңкінің грамматикалық белгілерін айқындап, модальділік категориясының құрылымдық грамматика, функционалды және когнитивтік бағыттардың түйісуінен жүйеленетін күрделі табиғатын сипаттау.

**Міндеттері:**

Модальділік категориясының ішкі мәндерінің жасалу жолдарын толықтыру.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:**

Модальділік категориясының бір тармағы болып табылатын «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары шығарманың композициялық тұтастығын сақтай отырып талдауды қажет етеді. К. Ахметованың «Үлбір сұлу» поэмасы аясында салыстырсақ, «өкіну» модальді мәнінің үш түрлі тәсілмен толығатынын ажыратуға болады.

Біріншіден, өкіну реңкі бір сөйлем құрылымында тікелей талдауға мүмкіндік беретін, құрылымдық грамматика аясындағы формалар арқылы көрініс береді.

Үлбірдің ерекше екен мерей гүлі,  
Ауылдың қырындайтын көбейді ұлы.  
Асқақ та сұлу екен айрықша, әттең,  
Айыбы – әкесінің кедейлігі  
(К. Ахметова).

Жүректі жиі қақтырған,  
Сезімталдыққа үйретпей.  
Баулыған едім сабырға,  
Еркек боп тусан, амал не,  
Қайысты бүгін қабырға  
(К. Ахметова).

Келтірілген үзінділерден «өкіну» модальді реңкінің ашық формалары қатарынан орын алатын «әттең», «амал не» қыстырма сөздерінің көмегімен модальді мәнді бірден анықтай аламыз (яғни, құрылымдық грамматика аясында).

Екіншіден, «өкіну» модальді реңкін тілдік құрылымдардың сөйлемаралық немесе контекстегі сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық ықпалдасуына мән беру арқылы ажыратамыз.

Санамен сөндіре алмай отын іштің,  
Жүректен алаулайды жетім ұшқын.  
Жүрегін жыр мен өлен жұбатады.  
Той көрмей,  
Торда отырған тоты құстың  
(К. Ахметова).

Бұл үзіндіде орын алған астарлы «өкіну» реңкін анықтау үшін, оқырманға контекстегі басқа сөйлемдермен мағыналық байланысты іздеуге тура келеді. Яғни, функционалды синтаксис заңдылықтарының модальді мәнге әсері осындай грамматикалық құбылыстар байланысын талдағанда, табиғи түрде көрініс беріп, белсенеді. «Сондықтан бұл сияқты сөйлемдерге коммуникативтік тұрғыдан, орамды сөйлеу, контекст тұрғысынан қарауымыз керек» [1, 64 б.]. Модальді мәнді толықтай түсіну үшін, оқырманға төмендегі үзінді мен алдыңғы үзіндіні семантикалық тұрғыдан бірлікте қарау қажет етіледі.

Қара көз хабар берер зеректі ойдан,  
Табылар мұңаярлық себеп бойдан.  
Ұлына бір шонжар бай атастырып,  
Туғаннан қалың малын төлеп қойған  
(К. Ахметова).

Төлеп қойған екен байлар малын бір,  
Азат басқа азап болды-ау қағынғыр.  
Бесіктегі жас балаға жар дейді,  
Жанған шамдай жарқыраған ақ Үлбір!  
(К. Ахметова).

Поэма контексінде «өкіну» субъективтік модальді мәннің үнемі ашық тірек құрылымдар арқылы жүйелене бермейтіндігі көзге түседі. Бұл тұста астарлап жеткізу функциясын атқаратын синтаксистік бірліктердің прагматикалық-когнитивтік қызметі негізгі талдау нысаны ретінде сипатталады. Синтаксистік бірліктердің прагматикалық-когнитивтік мүмкіндіктері модальді мәннің жасалу жолын кеңітеді, сондай-ақ, лингвистикалық бағыттың прагматикалық-когнитивтік-танымдық бағытпен түйісетін тұсын анықтауға мүмкіндік береді.

Прагматикалық-когнитивтік-танымдық ықпалдарға: салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, әлеуметтік ортадағы жағдаяттарды жатқызамыз. Аталған

бейлингвистикалық ықпалдардың әсері бір контекст аясында көріне бермейді. Олардың орны тұтас мәтін құрылымынан анықталады.

Пәк болса да жауыздыктан, күнөдан,  
Мұңсыз болып қала алмайды бұл адам.  
Азаттыққа жеткізсе де ағасы,  
Көкірегінде көгілдір мұң туады ән  
(К.Ахметова).

Жаңа өмірі жалғасқанда гүл қыздың,  
Жүрегінде жатты салқын жұлдыз мұн.  
Жұлдыз мұны сағынышы еліне,  
Тамып түскен топырағына қырғыздың  
(К.Ахметова).

Алынған үзінділерде астарлы көрініс беретін кейіпкер жүрегіндегі өкінішті сезімді құрылымдық немесе функционалдық грамматика аясында талдау жеткіліксіз. Оқырман оның астарын ұлттық мәдениет, ұлттық таным тұрғысынан талдау негізінде ғана түсіне алады. Қазақ халқында «туған ел, туған жер» концептісі – қасиетті ұғым. Халқымыз өмірге келгеннен баланың бойына туған жердің қасиетін сіңіреді. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп, туған елін «еркіндіктің, қамқорлықтың ортасы», «ата-бабасының мұрасы», «еркелеткен ата-ана, еркін жүрген жан ұясы» деген түсініктермен сабақтастырады. Туған жердің қадірін жасы ұлғайған сайын терең сезінген ата-бабамыз, тіпті, жаратқаннан өз елінде туып, өмір сүруді, сол туған жерінің бір уыс топырағының бұйыруын тілеген, арман еткен. Оның астарын халқымызда «туған жер» концептісінің жеке этностық құндылыққа айналғанымен түсіндіреміз. «Осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер типі пайда болады» [2, 7 б.].

Екінші жағынан, «Туған жер» лексемасын қолданғанда міндетті түрде адамның өзіне меншіктеу қасиетінің басымдығын көруге болады. Оны туған жерге қатысты мақал-мәтелдерден айқын аңғаруға болады. Тілімізде мұндай мақал-мәтелдердің саны біршама. Мәселен: Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы. Әркімнің өз жері – жұмақ. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Өз елім – өлең төсегім. Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын т.б. Бұдан құрылымдық, функционалдық грамматика мен ұлттық құндылықтар әсерінен пайда болатын когнитивтік-прагматикалық бағыттар бірін бірі толықтыра келе, қашан да үздіксіз байланыста дамитыны дәлелдене түседі. Себебі «қазақ тілтанымның өзегін адамзаттың өмір сүру, қоғамда тіршілік ету ұстанымдары, жеке этностық құндылықтары мен мәдени нормалары құрайды» [3, 12 б.]. Келтірілген поэма үзіндісінде көрініс берген «өкіну» модальді реңкін автор-субъекті ұлттық

құндылықтармен ұштастырып, шынайы табиғатын бұзбай, шығарма идеясын эмоциялық-психологиялық тұрғыдан әсерлі жеткізуде, өзіндік ізденісін қалыптастырып, авторлық көзқарасын ұтымды шеберлікпен бейнелеуге қол жеткізген. Әрине, мұндай дара тәсілдер әр автордың мақсатты ізденісі болып табылады. Бұған қатысты И. Гальпериннің пікірімен толықтырсақ: «Эта авторская оценка изображаемого всегда связана с поиском адекватных способов выражения. Способы выражения этого отношения и оценки могут быть различными, избирательными для каждого автора и разновидности текста, они мотивированы и целенаправленны» [4, 127 б.].

Ал көркем шығармада ұлттық құндылықтардың көрініс беруінің маңызын зерттеуші Н. Уәли: «Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше» деп қорытады [2, 8 б.].

Когнитивтік аспектіде сараласақ, талдауға негіз болған үзіндіде субъектінің көзқарасына астарлы терең мағына беріп, эмоциялық бояу үстеп, қабылдауға әсерлі құрылым деңгейіне көтеріп тұрған – «туған жер» ұлттық-мәдени концептісінің этнотанымдық бояуы. Демек, «тіл – ойды жеткізудің негізгі құралы болуымен қатар, рухани құндылықтарды танып білудің, ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі» [5, 42 б.]. Оның себебін ғалым Р. Құл-Мұхамед сипаттай келе: «Ұлттық өзіндік сана басқалардан бөлектенетін, өз өмірі көріністерінің бейнеленуі; өзіндік сала этнонимі (өз атауы) діл, ұлттық мінез-құлық, дүниетанымдық т.б. рухани жүйелер тарихы, халықтың білім бастаулары т.б. тығыз байланысты болып келеді» деп қорытады [6, 91 б.].

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, модальділік санатының құрылымы, ішкі мәндерінің қалыптасуы әр автордың дербес жазу машығына сай түрленіп, құрылымдық, функционалды және когнитивтік грамматика заңдылықтары әсерінен толығып отыратын күрделі тілдік заңдылықтар қатарынан орын алады.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Жақыпов, Ж. А.** Сөйлеу синтаксисінің сипаттары [Текст] : оқулық. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 1998. – 159 б.

2 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Текст]: – филол. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 52 б.

3 **Оразалина, Э. Н.** Когнитивтік лингвистика : қалыптасуы мен дамуы [Текст]. : – Алматы : АН Арыс, 2007. – 312 б.

4 **Гальперин, И. Р.** Текст как объект лингвистического исследования [Текст]: – М. : УРСС, 2004. – 138 с.

5 **Қоянбекова, С. Б.** Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері [Текст]: – Филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы : 2008. – 52 б.

6 **Құл-Мұхамед, Р. А.** Қазақ мәдениеті құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы [Текст]: – Философ. ғыл. канд... дис. – Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2000. – 156–157 б.

7 **Аймұхамбет, Ж., Әлімұлы, А.** Қазақтың 100 поэмасы [Текст] : – Алматы : Жазушы, 2013. Т. 5 – 376 б.

8 **Тураева, З. Я.** Лингвистика текста и категория модальности [Текст] // Журнал «Вопросы языкознания». – 1994. – № 3. – С. 105–114.

9 **Арнольд, И. В.** Стилистика декодирования [Текст] : – Л. : ЛГПИ, 1974. – 76 с.

10 **Қызырова, Ә.** Модальдық мағына мәселесі [Текст] // Журнал «Қазақ тіл мен әдебиеті». – 2004. – № 5. – Б. 70–74.

## References

1 **Zhakypov, Zh. A.** Söleý sintaksisiniñ sıptary. Oqýlyq. [Properties of speech syntax] [Text] : – Karağanda: QarMÝ baspasy, 1998. – 159 p.

2 **Ўәли, Н.** Qazaq söz mádenietiniñ teorıalyq negizderi. [Theoretical bases of Kazakh speech culture] [Text] : – filol. ğyl. dokt. diss. Avtoref. – Almaty, 2007. – 52 p.

3 **Orazalina, E. N.** Kognitivtik lingvistika : qalyptasýy men damýy. [Cognitive linguistics : formation and development] [Text] : – Almaty : AN Arys, 2007. – 312 p.

4 **Gálperin, I. R.** Tekstkak obekt lingvisticheskogo issledovania. [Halperin, I.R. Text as an object of linguistic research] [Text]. – Moscow : ÝRSS, 2004. – 138 p.

5 **Koıyanbekova, S. B.** Qazaq tili ekspresivtik stilistikasynyñ negizderi [Basics of expressive stylistics of the Kazakh language] [Text] : Filol. ğyl. doktory ğylymı dárejesin alý úshin daiyndalğan disertasiyanıñ avtoreferaty, – Almaty, 2008. – 52 p.

6 **Kul-Muhammed, R. A.** Qazaq mádenieti qundylyqtarynyñ qalyptasýy men damýy. [Formation and development of the values of Kazakh culture] [Text] // Filosof. ğyl. kand... dis. – Almaty, ál-Farabı atyndaғы QazUÝ, 2000. – 156–157 p p.



7. **Aimuhambet, J., Alimuly, A.** Qazaqtyń 100 poemasy. [Aimukhambet, Zh., Alimovich, A. 100 Kazakh poems] [Text] : – Almaty: Jazýshy, 2013. 5-tom. – 376 p.

8. **Turaeva, Z.** Lingvistika teksta i kategorii modalnosti. [Linguistics of the text and the category of modality] [Tekst]. In Zhurnal «Voprosy iazykoznaniiia». – 1994. – № 3. – P. 105–114.

9. **Arnold, I. V.** Stilistika dekodirovaniia [Stylistics of decoding] [Tekst] : – L. : LGPI, 1974. – 76 p.

10. **Kuzyrova A.** Modalduq maǵyna mǵeselesi [The problem of modal value] [Tekst]. In Zhurnal «Kazakh til men ǵebietii». – 2004. – № 5. – P. 70-74.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

*Ж. А. Қусаинова*

### **Способы образования модального оттенка «раскаяние»**

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,  
Казахстан, г.Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*Современные достижения структурного направления в синтаксисе не могут охватить все аспекты категории модальности. Категория модальности раскрыта не в полном объеме, только с точки зрения объективной модальности, отношения к реальности, реальным и нереальным действиям, но грамматические признаки субъективной модальности, находящей применение в речи, все еще требуют тщательного изучения. Систематизация уровня отражения модальности, ее активизация в речи, использование признаков этой категории в разговоре, изучение комплексного использования многофункциональных грамматических действий, являющихся основой формирования внутреннего содержания субъективной модальности и определение необходимости сравнения на контекстуальном уровне сложной грамматической структуры категории модальности – актуальные вопросы исследования. В статье проанализированы способы образования модального значения «раскаяние, сожаление». В результате лингвистического анализа доказано, что пути формирования модального значения «раскаяние, сожаление» формируются в трех аспектах: структурно-грамматическом, семантическом, контекстном и когнитивном аспектах.*

*Ключевые слова: модальность, модальное значение, текст, семантическая организация, структурно-грамматический, когнитивный аспект.*

*Zh. A. Kussaiynova*

### **Methods of forming a modal shade of «repentance»**

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan,  
Material received on 18.09.20

*The present achievements of the structural direction in the syntax cannot involve all aspects of the modality category. In spite of the fact that the modality is under the permanent consideration only the attitude of activity to reality, real and unreal actions are thoroughly examined and the nature of the objective modality is considered, but the grammar features of the subjective modality being used in speech need to be researched. The systematization of the level of modality reflection and its activation in the speech, the use of this category features in conversations, the examination of the complex use of grammar phenomena known as the basis of the internal significance of the subjective modality, the determination of necessity of the comparison on the context level intended to distinguish the complicated grammar structure of the modality category on the basis of multifunctional properties of grammar phenomena are urgent problems of Kazakh syntax. The article analyzes the ways of forming the modal meaning «repentance, regret». As a result of linguistic analysis, it was proved that the ways of forming the modal meaning «repentance, regret» are formed in three aspects: structural-grammatical, semantic, contextual and cognitive aspects.*

*Keywords: modality, modal meaning, text, semantic organization, structural-grammatical, cognitive aspect.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)